

## Бөбекжай-бақшада ата-аналарға арналған ережелерді сақтау бойынша жазба

### Құрметті ата-аналар!

Біздің бөбекжай-бақшада бірқатар ережелерді сақтауға шешім қабылданған. Бұл шарттарды орындау оңай, әрі Сіз бен бізге ортақ тіл тауып, түсініспеушіліктерді азайтуға көмектеседі.

Жалпы күш салып жасаған жұмыстарымызға сіздердің түсіністікпен қарайтындарыңызға және оң нәтиже беретіндігіне сеніміміз мол!

1. Біздің бөбекжай-бақшаның жұмыс уақыты таңғы сағат 8:00-ден кешкі сағат 18:30-ға дейін, аптасына 5 күн, демалыс күндері сенбі, жексенбі. ҚР Үкіметі тарапынан белгіленген мереке күндері бөбекжай-бақша жұмыс жасамайды.
2. Баланы бөбекжай-бақшаға таңғы сағат 8:00-ден 8:30-ға дейін алып келу қажет. Табель мен ас мәзірі таңғы сағат 9:00-ге дейін түзіледі, яғни кешіккен балаға тамақ берілмейді. Егер кешігіп жатқан жағдайда, **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ** тәрбиешіге телефонмен ескертіңіз.
3. Таңертең келгенде, бөбекжай-бақша қызметкерлерімен амандасыңыздар, әсіресе тәрбиешілермен, себебі олар Сіздердің балаларыңызға күнде ана мен әкенің орнын алмастырады. Топтардағы педагогтардың жастарына қарамастан Сіз деп, аты және тегімен сөйлеңіздер.
4. Педагогтар Сіздермен балаларыңыз жайында таңғы сағат 8:30-ға дейін және кешке 18:00-ден кейін сөйлесе алады. Басқа уақытта педагог топтардағы балалармен жұмыс жасауы керек және оның көңілін бөлуге болмайды.
5. Біз сіздердің балаларыңыздың қауіпсіздігі жайында сұрақтарға көп көңіл бөлеміз, сол себепті тағы бірнеше тараулар бар:
  - баланы бөбекжай-бақшаға **ТЕК ҚАНА** ата-анасы немесе ата-анасының рұқсат қағазы болған жағдайда сенімді тұлға алып келіп және алып кете алады.
  - 16 жасқа толмаған балалар бөбекжай-бақшадан баланы алып кетуге құқықтары жоқ.
  - шұғыл жағдайларда **ТЕК ҚАНА** бөбекжай-бақша басшысына жағдайды түсіндіріп, рұқсат алуға болады.
6. Баланы бақшаға жалғыз өзін жібермеңіз, себебі сіз оның өміріне қауіп төндіресіз. Өтініш, қауіпсіздік мақсатында сізден кейін басқа ата-аналар келе жатса да, **ӨЗІҢІЗДЕН КЕЙІН ҚАҚПАНЫҢ ЕСІГІН ЖАУЫП ЖҮРІҢІЗ**. Егер сіз қақпаның ашық тұрғанын көрсеңіз, өтініш, оны жаба салыңыз.
7. Егер сіздің балаңыздың қандай да бір заттарға аллергиясы (тамақтарға, гүл өсімдіктеріне, тозандарға, жүнге, дәрі-дәрмектерге, жәндіктердің шағуына және т.б.) болса, бұл жайында **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ** медбикеге немесе Сіздің топтың тәрбиешісіне айтыңыз, сонымен қатар сауалнамада көрсетіңіз.
8. Егер күні бойында балада аурудың бірінші белгілері байқалса (дене қызуы көтерілсе, құсса, бөртпелер пайда болса, іші өтсе), ата-аналар бұл жайында тез арада хабардар болады және баланы тезірек бөбекжай бақшаның медициналық оқшаулау бөлімінен алып кетугі қажет.

9. Баланың отбасылық жағдайына байланысты бақшаға келмеуден алдын (демалыс, жазғы кезең, санаторлық-курорттық ем қабылдау және т.б.) бөбекжай-бақшаның меңгерушісіне өтініш жазып қалдырыңыз.

10. Бөбекжай-бақшаға ауырып тұрған баланы алып келмеңіз, бұл жағдайда сіз тек өз балаңыздың өміріне ғана емес, сонымен қатар басқа да балалардың өміріне қауіп төндіресіз (ауырған баланың қасында анасы болып, жатып ем қабылдауы керек). Таңғы сүзгіде баланың ауырып тұрғандығы анықталған жағдайда, бақшаға қабылданбайды. Тәрбиеші баланың жай-күйін сыртқы келбетіне қарап анықтайды, егер ол бір нәрсеге сезіктенсе, онда медбикемен тілдесуіңіз қажет. Біз балалардың 100% келгеніне қуанамыз, бірақ баланың «мұрны аққаны» мен жөтелгеніне Сіз ана ретінде қорықпасаңыз, ал басқа анада сіздің пікіріңізден басқа ойда болуы мүмкін. Бала бөбекжай-бақшаға 3 күн немесе одан да көп уақыт келмесе (ауырған жағдайда, жол жүрген кезде, жоспарланбаған демалыстарда және т.б.), өтініш, ол жайында **47-71-51** телефоны бойынша хабарласып, тәрбиешіге немесе медбикеге ескертіңіз, біз Сіздердің не үшін келмегендіктеріңізді білуіміз қажет. 3 күн немесе одан да көп уақыт келмеген жағдайда жазылғаннан кейін, бақшаға тек учаскелік балалар дәрігерінің диагнозы қойылған, ауырған уақыт аралығы көрсетілген, баланың жеке режимі бойынша ұсынысы жазылған анықтама қағазы болған жағдайда ғана қабылданады.

Тәрбиешіге міндетті түрде баланың ауырып қалғандығы туралы хабарлаңыз. Егер бала бақшаға 3 күн немесе одан да көп уақыт келмеген жағдайда, міндетті түрде баланың денсаулығы туралы анықтама қағазы талап етіледі және медбикеге өткізіледі.

«Мектепке дейінгі мекемелердегі типтік қызмет ережесінің» 21.12.2004 жылғы 15т/1.2.3/ негізінде, бала 1 айдан көп себепсіз бақшаға келмеген жағдайда, бақша әкімшілігі акт негізінде баланы бақшадан шығаруға құқығы бар.

Сонымен қатар тәрбиеленушілердің ата-аналары жазғы кезеңде себебін көрсету арқылы, 2 айға дейінгі мерзімде демалыс ала алады.

Егер ата-аналар қандай да бір себептермен бөбекжай-бақшамен келісім-шартты бұзғысы келген жағдайда, әкімшілікке ескертулеріңізді сұраймыз. Егер әкімшілік келісім-шартты бұзғысы келсе, ол жайында ата-анаға 30 күн бұрын ескертуі керек.

11. Егер баланың жақсы көретін ойыншығы, кітабы болса, әрине алып келуіне болады, бірақ басқа да балалармен бөлісуі қажет. Балалардың бақшаға сіздер сынып қалатындығына уайымдайтындай ойыншықтар мен заттарды алып келмегені абзал. Сонымен қатар, мобильді телефонға да, ойын приставкаларына да, коммуникаторларға да және т.б. қатысты. Тәрбиеші олар үшін жауапты емес.

12. Мүмкіндігінше балаға тәтті заттар мен басқа да заттар бермегеніңіз дұрыс. Сағыз бен чупа-чупсты балалар үйлеріңізде, сіздердің қарауларыңызбен шайнағаны дұрыс.

13. Балалардың жарақаттану себептерін болдырмау мақсатында, ата-аналар балаларының қалталарында қауіпті заттар мен ойыншықтар болмауын тексеруі керек.

14. Бөбекжай-бақшаға өткір, кескіш, шиша, сонымен қатар майда заттарды (моншақтар, түймелер және т.б.) алып келуге қатаң тиым салынады.

15. Баланы бақшаға алып келерден алдын баланың киген киімінің жыл мезгілі мен ауа райына сәйкестігін тексеріңіз. Баланың киімі өзіне үлкен еместігін және оның қимыл-қозғалысына кедергі жасамайтындығын тексеріңіздер. Дұрыс таңдалған киім киген бала еркін қозғалады және мазасызданбайды. Киімнің байланатын жерлері мен қысқыштары, баланың еркін қозғалуы үшін дұрыс орналасуы қажет. Аяқ киімі жеңіл, жылы және аяғына шак болуы, оңай киіліп, оңай шешілуі тиіс. Балаға бет орамал ғимараттың ішінде де, серуенге шыққанда да қажет. Киімге бет орамалды салатын ыңғайлы қалта жасап беріңіз.
16. Бөбекжай-бақшаға баланы ұқыпты, таза киімде және аяқ киімде алып келу керек; ауыстыратын аяқ киім, ауыстыратын киім, спорттық киім, ұйықтар кезінде киетін киім мен таза және кір болған киімдерді салатын екі пакет болуы қажет. Ауыстыратын киімнің саны баланың жеке ерекшеліктеріне байланысты.
17. Бақшаға тек өздеріңіз кіретін топқа ғана баруларыңызды сұраймыз. Бөбекжай-бақша дәлізінде жүруге тиым салынады.
18. “Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесінің” 15тармақ 1,2,3 бөлімдерін және ата -ана мен бөбекжай - бақша меңгерушісімен жасалған келісім - шартты негізіне ала отырып, тамақ ақысы әр айдың 10- на дейін төленуі қажет. Келеңсіз жағдайлар туындаған жағдайда әкімшілікті хабардар етіңіз. Өз уақытында толенбеген төлемақы жайындағы сұрақтарға дұрыс, түсіністікпен қараңыздар.
19. Егер сіздің тұрғылықты мекен-жайыңыз, телефон номеріңіз, жұмыс орныңыз ауысатын болса, міндетті түрде тәрбиешіге хабарлау керек.
20. Тәрбиешінің рұқсатынсыз ойын бөлмесіне, тамақтану бөлмесіне немесе әжетханаға кіруге ҚАТАҢ тиым салынады.
21. Егер топтағы балаңыздың бақшадағы өміріне қанағаттанбаған немесе қандай да бір келіспеушіліктеріңіз болған жағдайда, ол жайды тәрбиешімен талқылау қажет. Егер ол талқылау проблеманың шешілуіне септігін тигізбесе, бөбекжай-бақша басшылығына баруыңызды өтінеміз. Сіз бірден бақша меңгерушісіне барып, өз ойыңызды білдіруіңізге болады.
22. Тәрбиешімен немесе басқа ата-аналармен болған даулы және жанжалды жағдайды балалар болмаған кезде шешу қажет.
23. Бөбекжай-бақшаға мас күйінде келуге, бақша ауласында темекі шегуге, жануарлар алып келуге тиым слынады.
24. Сіздің тобыңыздың киіну бөлмесіндегі және бақшадағы хабарлау тақтасындағы мәліметтерге жиі назар аударыңыз. Ол жерден сіз өзіңізге және балаңыздың тәрбиесіне, сонымен қатар Сіздің балаңыздың өміріне қажетті пайдалы мәліметтерді ала аласыз.
25. Тәрбиешілерден тек қана балаңыздың бақшада кім ренжітіп, қандай ас ішкеніне ғана емес, сонымен қатар балаңыздың бақшадағы жетістіктері мен сәтсіздіктері жайында қызығушылық танытыңыз.
26. Сіздің балаңызбен жұмыс жасайтын барлық мамандарға балаңыздың тәрбиесі мен сабағы жөнінде қоятын сұрақтарыңыз болған жағдайда, мамандардың аты-жөнін білуге тырысыңыз.
27. Кешке баланы алып кетуге уақытында келіңіз. Естеріңізде болсын, балаңызға 18:30-дан кеш келген жағдайда, тәрбиешіні жұмыстан тыс уақытта тегін жұмыс істететініңізді ұмытпаңыз. Егер сізді тегін жұмыс

істетсе Сіз келісесіз бе, әлде жоқ па? Бақша қызметкерлерінің сабырлылығын пайдаланбаңыз.

28. Қақпа алдында көліктерді қоюға қатаң тиым салынады, себебі ол қызметтік көліктердің өтуіне кедергі жасайды және төтенше жағдай болған сәтте жолды жауып қалады.

29. Бөбекжай-бақша қызметкерлерімен және балалармен сөйлескенде әдептілік нормасын сақтаңыздар.

Ережелерді сақтағаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

Құрметпен б\б ӘКІМШЛІГІ